ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 қараша №5165-23-00-2/3072 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «СамНур» Сержанова Сандугаш Ильясовна.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «СамНур» Сержанова Сандугаш Ильясовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «СамНур» Сержанова Сандугаш Ильясовнадан Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 2 988 (екі мың тоғыз жүз сексен сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 90 (тоқсан) мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Рүстем Б. М., 01.12.2023
Дата вступления в законную силу: 11.01.2024, судья Рүстем Б. М., 16.01.2024
5165-23-3-1/3312

Жеке кәсіпкер «СамНур» Сержанова Сандугаш Ильясовнадан мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз елу бес)теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Документ подписан: Рүстем Б. М., 01.12.2023
Дата вступления в законную силу: 11.01.2024, судья Рүстем Б. М., 16.01.2024
5165-23-3-1/3312